

2021-2022 оқу жылының басында жалпы мектеп бойынша тәрбие жоспары талқыланып, құрылды. Бұл жоспар әр кластың тәрбие жоспарына негізделді. Мектептегі тәрбие беру мақсаты: Жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру, еліне жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Тамыз-қыркүйек айында «Мектепке жол» акциясы өтілді. Мақсаты: жетім балалар, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға мектеп маусымына дайындалуға көмек көрсету.

Акцияны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалып, ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілді.

Акцияға мектеп басшылары, ата-аналар, мекеме басшылары қатысты.

«Мектепке жол» акциясының міндеті аз қамтылған отбасылардағы балаларға көмектесуге ат салысты. Мұқтаж балаларға қол ұшын беріп, қолдады.

Биылғы оқу жылының тамыз айында жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларының бастауыш сыныптағы балаларына материалдық көмек көрсетілді. Аталған отбасыларының балалары: Ахметжанов Мухамед 1-сынып осы балаға 20 000 теңге көлемінде киім-кешек, оқу жабдықтарын ТОО «Жана» басшысы Касенов М.Қ аперды. Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебі ұжымы Серік Айзере – 2-сынып (15000) теңге көлемінде мектепке керекті киім-кешекпен және оқу жабдықтарымен қамтамасыз етті.

Мектеп басшысы Саметова О.Б. ата-аналар мен балаларды жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, сыйлықтарын салтанатты түрде қолдарына табыс етті.

Балалардың ата-аналары мектеп басшысына және ұстаздар ұжымына өздерінің шексіз алғысын білдірді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне жоспарланған іс-шаралардың тегіс өтілуі әкімшілік тарапынан назарға алынды, сынып бөлмелері уақыт талабына сай безендірілуі талап етілді. Бағдарлама бойынша мектепшілік іс-шаралар, жеке сыныптағы сағаттар сапалы да жан – жақты өтілуі қадағаланды. Атаулы күнге жоспар құрылды. Мектеп кітапханасында кітапханашы Саметова Г «Ата-занды қадірле» көрме ұйымдастырылды. 5-8 сынып оқушыларына Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы деректер оқылды. Қатысканы 32 оқушы. Тарих пәнінің мұғалімі Аукенова З.Қ «Құқықтық турнир» жарысы өткізілді. Осы жарыста оқушылар бойына адамгершілікке, Отанға, халқына деген сезімін оятты.

Білім күніне арналған мерекеге арнайы сап құрылды. Осы мерекеге арнайы сап құрылып «Кел, балалар оқылық!» алғашқы қоңырау салтанаты өтілді.

Мектеп директоры О.Б. Саметова жиын барысында мектеп табалдырғын аттаған бүлдіршіндерге алдағы оқу жылында шығармашылық табыс тіледі.

Мектебіміздің 11-сынып оқушылары 1-сынып оқушыларына тілек айтып, сыйлықтар берілді. Жаңа оқу жылына орай 1-сынып оқушыларына «Әліппе» оқулықтары бүлдіршіндерге салтанатты түрде табысталды. 2-11 сыныптарда «Тәуелсіздік жетістіктері» тәрбие сағатары өтілді. Слайд, видеофильмдер көрсетілді. Сынып сағаты өте тартымды сұрақ-жауап арқылы қызықты мазмұнды өтті. Мектепке жол акциясына Ахметжанов Мухамед 1-сынып оқушысына мектеп ұжымы спорттық форма, құрал-жабдықтар әперілді. Мектепалды даярлықтан бастап 11 класқа дейін оқушылар тегіс сабаққа қатысты.

Халықаралық қыздар күніне арнайы жоспар құрылды. Ауыл медбикесі Г. Даулетбекова қыздар арасында "Қыз бала гигиенасы" тақырыбында ауыл медбикесі Г. Даулетбекова қыздармен сырласу әңгіме өткізді. Гигиена жайында қойылған сұрақтарына жауап берді. Қыз балаларды тәрбиелеу, оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, әр түрлі аурулардың жұғуына әкеп соғатынын айтып өтті.

Әбдікәрім А.Қ. 7-8 сынып арасында «Қыздарға әсемдік жарасады» дөңгелек үстел өткізді, «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» Сейтжанова А.Б. сынып сағатында қыз балаға тән қасиеттер жайында ой бөлісті. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Психолог А.Касенова қыздар арасында «Маған өмір керек, мен өмірге керекпін» атта тренингтер өткізді. Сонымен қатар дене тәрбиесінің мұғалімі Генеберген М.Б қыздар арасында волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ өткізді.

"Қарттар-асыл қазынам"

Мақсаты: оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру. Оқушыларға еңбекті сүйеге, Отанымыздың білікті де білімді адал азаматы болуға тәрбиелеу. Тәлімгер Е.Алтайбаев оқушылармен бірге қариялар үйне барып қол ұшын берді.

«Қарттар күні» мерекесіне онлайн түрінде құттықтау сөздері, такпақтар, әндер айтылды. Қарияларды ЖШС «Жаңа» басшысы Қасенов Марат Қыстаубайұлы құттықтау тілегін білдіре отырып, қарияларға 1 қап ұннан сыйлық жасады.

Ұстаздар күніне газеттер шығарылды. Оқушылар шағын концерт ұйымдастырды. Өзін-өзі басқару күні өтілді. 10,11 сынып оқушылары өздерінің іс басқару қабілеттіліктерін көрсетті.

«Күзгі бал» мерекелік іс – шарасы өткізілді. Аталған іс – шаралар жоспарға сай өтті.

Бастауыш сынып бүлдіршіндері сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Алтын дән» сурет салу көрмесі ұйымдастырылды. 5-11 сыныптар арасында «Күз байлығы» қабырға газетін шығару сайысы өтіліп, әр сынып өз қабырға газетін қорғады. «Мерекелі, берекелі алтын күз» қол өнер атауымен табиғат өнімдерінен бұйым жасау көрмесі ұйымдастырылды. Бұл жерде де оқушыларымыз өз өнерлерін барынша көрсете білді. «Алтын күз» шағын концерт мерекесіне 5-11 сыныптары жауапты болды.

Сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен әр сынып музыкалық номер дайыдап, шағын концерт ұйымдастырып өз өнерлерін жақсы көрсете білді.

Қалған қатысушылар мадақтау қағаздарына ие болды. Ережеге сай әр сынып өз өнерлерін көрсетті және ойындар мен сайыстар өткізді. Барлық оқушылар белсене қатысып, соңында би кешімен жалғасты. Денсаулық күнінде жоғарғы сынып оқушылар арасында волейбол жарысы өтті. Қыздар арасында баскетбол жарысы өткізілді. Арналған кроссқа барлық мектеп оқушылар мен ұстаздар тегіс қатысты. Осы өткізілген әрбір жарыстарда жеңімпаздар, яғни 1,2,3 орын иелері болды. Мектеп ауласына әр бейсенбі сайын сенбілік жасалынып, ағаштар отырғызылды. Тілдер күні мерекесі үлкен дайындықпен өтілді. Жоспар құрылып, өтілетін іс-шаралар күні белгіленді. Қабырға газеттері шығарылып, мәнерлеп өлең оқудан сайыс өтілді. Оқушылар орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде көріністер көрсетті. Шығармалар жазылып, таңдалып алынды. Ұлттық билер сайысы өтілді. Балалар үлкен қызығушылықпен қатысып отырды. Осы іс-шараны ұйымдастырылып өткізген ұстаздар: Сейітжанова А.Б., Орынбекова С.Т., Аширбекова С.Ж. Туризм күніне арналған іс-шаралар таза ауада отылып, әр сынып дастархан жайып, арасында ойындар ойналды. Отбасы күніне «Отбасы әлемі» атты тәрбие сағатын 8-сынып оқушыларымен Алтайбаев Е. Д. өткізді. Тәрбие сағатында отбасытуыстық жүйенің ең негізі, барлық алыс-жақын туыстық – осы отбасынан есептелетінің айтып отті. Отбасыға байлынысты мақал-мәтелдер айтылды. «Қарттар күні» мерекесіне жоспар құрылып, дайындық жүргізілді.

Ауыл қарияларына арналып жасалған онлайн құттықтаулар дайындалды. Ұйымдастырылған іс-шара мектепте өткізілді. Қарияларды ЖШС «Жаңа» басшысы Марат Қыстаубайұлы Қасенов құттықтау тілегін білдіре отырып, қарияларға 1 қап ұннан сыйлық жасады.

Ұстаздар күніне арнайы газеттер шығарылып, «Ұлағат» балалар ұйымы ұстаздарға арналған шағын концерт ұйымдастырды. Өзін-өзі басқару күні өтілді. 10,11 сынып оқушылары өздерінің басқару қабілеттіліктерін көрсетті.

Темекіге қарсы күрес күніне байланысты медбике, психолог, сынып жетекшілері, дене тәрбиесі мұғалімінің қатысуымен жоспар құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында 5 – сыныптар аралығында эстафеталық ойындар өткізілді. Барлығы 18 бала ойынға қатысты. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» .Касенова З.Қ «Денсаулық» тақырыбында 5-11 сыныптар аралығына «Денсаулық сағатын» өткізді. Барлығы қатысқаны 58 оқушы. Мектеп психологі Касенова Арнагүл Нұржанқызы денсаулық әліппесі бойынша 9,10,11 – кластарды қатыстырып «Темекінің зияны» тақырыбында әңгіме – сұхбат, соңында сауалнама жүргізілді. Қатысқаны 26 оқушы.

«Мұзда абай бол!» оқушылар арасында әңгіме жүргізілді. Оларға көлге бармауға туралы айтылды. Тәлімгер Алтайбаев Е.Д оқушыларға викториналық сұрақтар дайындады. Қарашаның 24-30 аралығында

1-желтоқсан Бүкіләлемдік «Спидпен күрес» күніне арналып өтілген апталығында жоспар сынып жетекшілермен бірлесіп, құрылды. Бір аптаға арналған іс-шаралар қызықты, тартымды өтілді. Тәрбиелік мәні зор алар әсері деңгейі жоғары болсын деген мақсат қойылды. 9-11-сыныптармен Алтайбаев Е.Д және тәрбие ісінің меңгерушісі тәрбие сағатын өткізді. Бұл дерттің болашаққа қалай жер етіп жатқанын оны болдырмау жолдары туралы өз ойларымен бөлісті. «Біз Спидке қарсымыз!» тақырыбы бойынша газет, плакаттар сайысы өтіліп, әр класс өз жұмысын қорғап 7,8 -сыныптар алға шықты. «Өмір, қыл үстінде» кинофильм көрсетілді. Дене тәрбиесінің мұғалімі Генеберген М.Б «Дені сау ұрпақ- жарқын болашақ» тақырыбымен спорттық сайыс 8-10 ,5-6 сыныптарда көңілді жарыс өтілді. Шараға 36 бала қатысып, 2 топқа бөлініп жарысты. Апталық соңында «Би кеші» өткізілді. 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналып өтілген жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. «Мақтанышым Елбасым» тақырыбында көрме, «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбында стенд, баннер дайындалды. Мектеп фойесі талапқа сай безендірілді. қарашаның 27 күні «Нұр ағамдай менде спорты сүйемін» Дене тәрбиесі мұғалімі 5-8сынып аралығында Абдыкаримов М.Ж Баскетболдан жарыс өткізді. қарашаның 28 күні «Менің сүйікті Елбасым» балабақшада, даярлық тобында Абдыкаримова Г.М Ахметова С.Қ .тәрбие сағатын өткізді. 30 қараша 1-11 сыныптар арасында «Туған жер-Туған ел» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: Әрбір Қазақстандықтың тұлғалық дамуы үшін үшінші жаңғыру мүмкіндіктерін талқылау.

Тәрбие сағатында бейнефильм, слайд арқылы өтілді. Тәрбие жұмысының басты ерекшелігі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру» атты жолдауында қоғамды рухани жаңғырудың басымдылықты идеяларын оқушылар арасында кеңінен насихаттау болып табылады.

Отанды сүйуге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағытталған.

Әбішұлы Назарбаев мемлекет басқару мәртебелі міндет. Басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы ең бақытты халық деп айтып өтті.

9-11 сынып арасында «Мамандық таңдау» тақырыбында әңгіме сағаты өтілді. Оқушыларға дұрыс таңдау жасау , халқымызға қызмет ету керек екені айтылды.

Тәуелсіздік күні қарсаңында іс-шаралар аталып өтілді. Мақсаты: оқушыларға патриоттық тәрбие беру, өз елін, жерін, Отанын сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу. Кітапханашы кітап көрмесін жасады, онда мемлекетіміздің тарихы туралы материалдар көрсетілді. 5-11 сынып жетекшілері «Тәуелсіз ел

Қазақстан», «Қазақстан – болашақ бейнесі» тақырыптарына тақырыптық сынып сағаттарын өткізді.

Бастауыш сынып мұғалімдері Касенова А.А., Игибаева Л.О., Билялова А.Р., Аширбеков А.С. 1-4 сынып оқушылары «Тәуелсіздік тірегім, елім деп соққан жүрегім» әдеби-музыкалық композициясын көрсетті. Балалар мерекеге сүйсіне қатысты.

Дене тәрбиесі мұғалімі Генеберген М.Б «Дені сау ұрпақ – ел тұтқасы» тақырыбына орай Қорғалжын ауданның мектеп оқушылары арасында Волейбол жарысы өткізіліп. Шоқан Уалиханов атындағы орта мектебі 1 – орынға иеленді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күнін тойлау құрметіне мектебіміздің 2-сынып оқушылары «Жас Қыран» және 5-сынып «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына алынды.

«Жасқырандықтар» мен «Жасұландықтар» жақсы оқуға, мемлекеттік рәміздерді сыйлауға, өз елінің лайықты азаматы болып өсуге ант берді. Қазақстанның жас азаматтарын біріктіру қозғалысының басты мақсаты олардың патриоттық рухын тәрбиелеу.

Тәрбие сағаттарында оқушылар патриоттық әндер айтып, қазақтың ұлттық билерін биледі, Қайрат Рысқұлбековтың өлеңдерін оқыды. Іс-шара мақсаты патриоттықты, Отанға деген сүйіспеншілікті, балалардың қоғамның мәдени және шығармашылық өміріне қатысуға ұмтылысын тәрбиелеу. Іс-шара ойдағыдай өтті. Тәрбие сағатында ата-аналар оқушыларға ризашылықтарын білдіріп, Тәуелсіздік күнімен құттықтады!

Сөз соңында Рухы биік, Отаншыл ұрпақтар көп болсын! Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

Ата-аналар жиналысы өтіліп сауалнама алынды. «Балаңызбен бір-біріңізді түсінесіздер ме? Аналар үшін тест жүргізілді.

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық профилактикасында Оқушылармен қылмыстың алдын алу жайында әңгімелер жүргізілді. Кешкі уақытта 21.00 дан кейін жүруге болмайтыны туралы ескертіліп айтылды.

Түнгі рейдтер мұғалімдермен жүргізілетіні туралы айтылды.

Жаңа жыл мерекесі атап өтілді. Мерекеде бүлдіршіндер сыйлықтармен үлестірілді. 29- желтоқсанда бастауыш сыныптарда жаңа жыл мерекесі аталып өтілді. Жауапты 4- сынып мұғалімі Касенова А.А Оқушылар жаңа жылға арналған аңдар киімі, сайықмазақ, жалмауыз кемпір, өрмекші адам, тасбақа ниндза, т.б. киімдер киілді. Балалар өлең айтып, би билеп, қызықты көріністерін қойып тамашалады. Жаппай барлық оқушыларға сыйлықтар берілді. 29-желтоқсанда ортаңғы жоғарғы буында арналған би кеші өтілді.

Қаңтар айынан бастап оқу –тәрбие ісі жөніндегі жоспарланған іс-шаралар өткізіліп келеді. ІІІ-тоқсанды 99 оқушымен бастадық. Қаңтар ақпан айларында мектеп оқушылары көптеген іс-шараларға,байқауларға қатысып жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына - 33 жыл толуына байланысты ақпанның 2-сі күні «Жауынгер – интернационалист Касенов Сайлауды еске алу» тақырыбына арналған ауқымды іс-шара өтілді. Алдын-ала жоспар құрылып , бекітілді. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушысы Досхожинова Г.Т АӘД мұғалімі Абдыкаримов С.С Дене тәрбиесі пәні мұғалімі Генеберген М.Б дайындық жұмыстарын мұқият жүргізді. Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай 18 ақпан күні мектебімізде оқушылармен ұйымдастырылған , интернационалист жауынгер Касенов Сайлауға арналған «Ерлік - Елге мұра», «Ауған ақиқаты» атты тәрбие сағаты, Ауған соғысының ардагері Кабиев Сенбек Мажитұлымен кездесу кеші өтті, «Даңқ бөлмесіне» саяхатпен жалғасты. Кеш барысында ардагеріміз Ауған жерінде болған сұм соғыстың қиын-қыстау кезеңдерімен, ерлік көрсеткен даңқты батыр-қаһармандардың естеліктерімен бөлісті. Оқушылар сұрақтар қойды. Кабиев Сенбек Мажитұлы қазіргі жастарға түрлі арандатушылыққа бой алдырмай, бейбітшілікті сақтап, ынмақтастықта өмір сүруге, әрдайым Отанды қорғауға дайын болуға шақырды Тарих пәні мұғалімі З.Қ.Аукенова 1979-1989 жылдар оқиғасына тоқталды. Ардагер мен оқушылар Касенов Сайлау Қыстаубайұлына арналған Даңқ бөлмесіне саяхат жасап, ескерткішке гүлшоғын қойды. Кеңес әскерлерінің Ауғаныстан жерінен шығарылған күнінде мектепшілік мектеп «Мен өз елімнің кішкентай азаматымын» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. 5-7 сыныптар үшін информатика пәнінің мұғалімі Әбдікәрім А.Қ Ауғаныстанға байланысты деректі фильмдер көрсетті. «Совет әскерінің шығарылғанына 33 жыл» атты сыныптар арасында тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел өткізілді. ұйымдастырды. Қыздар арасында тоғызқұмалақ өтілді.

« 1-наурыз Алғыс айту» күнінің есебі
Тәрбие ісінің меңгерушісі Досхожинова 1- наурыз «Алғыс айту» күніне арналған «Мәңгілік ел – менің арманымның мекені!» атты тақырыпқа сап құрылып, акция өткізілді. Акция барысында Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы - халықтың әл-ауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтіні алғысымыз шексіз екені айтылды. Оқушылар өздерінің дайындаған өлең, тақпақтарын айтты. Тарих пәнінің мұғалімі Аукенова З.Қ оқушыларға рахмет айтып, алғыс білдірді. Акцияға 100 оқушы ,20-мұғалім қатысты. Бастауыш сынып «Шын жүректен, мың алғыс» сынып сағаттары өтті. 30-оқушы, 4 мұғалім қатысты. «Қарттарым асыл қазынам» «Алғыс айтудың шексіздігі» ашық сынып сағаттары өтіліп, ата-аналар шақырылды. 5-7

сыныптарда

33 оқушы қатысты, 8-мұғалім . Мектеп

тәлімгері Алтайбаев Е.Д

«Қамқорлық » акциясында

оқушылармен қарт адамдардың ауласының қарын тазалады. 15- оқушы қаысты. 8-11 сынып арасында Алғыс күніне арналған эссе жазылды. Эсседе оқушылар ата-аналарына ,ұстаздарына, туғандарына алғыс білдіретінің жазды. Оқушылар сол күні әр қайсысы жылы лебіздерін айтып алғыстарын білдірді. Бастауыш сынып «Ризашылық пен алғыс» тәрбие сағатары өтілді. Дайындаған әндерін айтып, көріністерін көрсетіп, би билеп қызықты , көңілді өтті. Мектеп психологы Касенова А.Н оқушылар арасында «Көңілді күн» атты тренингін өткізді .

8- наурыз Халықаралық әйелдер мерекесінде 1-7 сыныптарда ашық сынып сағаттары өтіліп, ата-аналар шақырылды. Оқушылар өздері дайындаған әндерін айтып, көріністерін көрсетіп, би билеп қызықты ,көңілді өтті. Оқушылар өз қолымен дайындаған сыйлықтарын ата-аналарына табыстады. 6-сынып Ата-аналар арасында сайысы ұйымдастырылып аналар белсенділігін танытты. «Айгөлек » шағын орталығында шағын концертте балалар ән айтып, би биледі. 7,5 ашық тәрбие сағаты өтілді. 8-сынып арасында ұлдар мен қыздар топқа бөлініп ұлдар қыздарға сұрақтар дайындап қызықты өткізді. 8-11 сынып аралығы қыздар арасында «Қыздарға әсемдік жарасады» әңгімесі

Психолог Жумагулова С.Б

Наурыз мейрамына байланысты қабырға газеттері шығарылды.Бастауыш сынып арасында «Наурыз-думан» мейрамына оқушылармен шағын концерт ұйымдастырылды.«Қош келдің –әз Наурыз» атты мерекеге ән,билер орындалды. 2 -сынып оқушылары «Күн мен түн»атты көрініс қойды.Бастауыш сынып ата-аналары тұсау кесу рәсімін көрсетті.Ұлдар арасында қазақша арқан тартыс болды. Әр сынып қазақтың ұлттық тағамдарын қойып дастархан жайылды.Барлық келген қонақтарға наурыз көже таратылды. Ортанғы буын , жоғарғы буын арасында Наурыз мейрамы мерекесінде салт дәстүр көрсетіліп, жарапаздар айтылды. Қыдыр ата бата беріп, жер ана да дөңгелене айналып билеп сахна шетінде жұртқа қарап тұрып өленің оқыды. Ұлыс күні еліміз үшін қасиетті, киелі саналғаның айтып, құттықтады. Сыныптар дайындаған көрініс, би,әндер айтылды. Мектеп оқушылары мен ауыл жастары арасында Генеберген Мерей Берікұлы волейбол, шахмат, қол тіресу сайыстарын өткізді.

Сәуір айынан бастап «таза аула» акциясы өтілді, онда оқушылар мен ұстаздар, кіші қызметкерлер қоқыс жинап, көшеттер отырғызды. Құстар күніне арнайы жоспар құрылды. Құстар күніне құрылған жоспарды қортындылау үшін Қорғалжын қорығының қызметкерлері келіп ,оқушыларды мақтау қағаздарымен және сыйлықтарын ұсынды. 9-10 сынып арасында құстарға үйшік жасап 8- сынып оқушылары 1-орын иеленді. Орта буын арасында құстар туралы ертегілер сайысы өтілді.1-орынды 7-сынып «Құстар неге сайрайды», «Әтеш пен Тоты» атты ертегілерін қойды. 2-орын 6-сынып «Көкек пен Әтеш», 3-орын 7-сынып «Қарлығаштың құйрығы неге айыр»

ертегілерін қойды. 1- мамыр Қазақстан халықының бірлігі күніне 1-11 сыныптар аралығында «Достық шаңырағы» фестивалі өткізілді.

«Достық шаңырағы» фестивалі атты сайысында 1-сынып Өзбек, 2-сынып Украин, 3-сынып сыған, 4-сынып Қырғыз, 5-сынып Испан, 6-сынып Түрік, 7-сынып Үнді, 8-сынып Эстон, 9-сынып Грузин 10-сынып сыған, 11-сынып Қазақ ұлты болып киінді. Осы кеште әр сынып әр ұлттын тағамдарымен дастархан әзірлеп, ұлттық киімдерін киіп би билеп қызықты, көңілді өткізілді. «Татулықты ту етіп» мектеп оқушылары арасында әр ұлттың киімдерімен флешмоб биледі. Мектеп оқушылары мен ұстаздары мен бірге «Біз – Қазақстан болашағы» ұранымен парад ұйымдастырылды.

Қарулы күштер күніне жоспар бойынша бірнеше іс-шаралар өтілді. Мектеп кітапханасында «Мәңгі өшпес ерлік» көрме ұйымдастырылды. Дене тәрбиесі мұғалімі Генеберген М.Б. 7-9 сынып аралығында волейбол жарысын, мұғалімдер арасында теннис жарысы ұйымдастырып өткізді. Қарулы күштер күніне 4-сынып жетекшісі Касенова А.А. «Ел қорғауға әзірміз» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Оқушылар ән айтып, би биледі. АӘД мұғалімі С.С Абдыкаримов 10-11 сынып арасында «Мен әскерге қызмет етуге дайынмын» атты мергендер сайысы өтілді. Оқушылар өз шеберліктерін, мергендіктерін көрсете білді.

Ұлы Отан соғысын ардагерлеріне арнайы стенд жасалды. «Біз бейбітшілікті қалаймыз» сурет көрмесі өтілді. Жақсы салған оқушыларға сыйлықтар әзірленді. Ұлы Жеңіс күніне орай қазақ тілі мұғалімі Сейітжанова А.Б 9-11 сыныптарда «Ұлы Жеңіске-72 жыл» ашық тәрбие сағаты өткізілді. «Теңдесі жоқ Ұлы Жеңіс» 5-7 сынып арасында, бастауыш сыныптарда «Ер есімі-ел есінде» Ұлы Отан соғысының батырлары «Бауыржан Момышұлы, Алия Молдағұлова, Мәншүк Маметова» туралы видео материалдар көрсетілді. Осы тәрбие сағаттарында балалардың рухын көтеріп, тарихты қадірлеуге, еліне деген сүйіспеншілігін арттырды. Аукенова З.Қ мектеп оқушыларымен «Даңқ бөлмесіне» саяхат жасап ауған соғысының интернационал жауынгер Қасенов Сайлау жайында өмірбаяны тыңдалды. Соғыс ардагерлері туралы мағлұматтар тыңдалды. Аудан басында болған саптық патриоттық әндер байқауына қатысып оқушылар 1-орынға ие болды. Оқушылар бойында патриоттық сезім қалыптастыруда мектепшілік өткізілген осындай шаралардың орны ерекше болып табылады. Оқушылар алғашқы әскери дайындық пәнінде алған білімдерін сайыс байқаулар барысында одан әрі шындай түсетіні сөзсіз.

Соңғы қоңырау мерекесіне арналып сап құрылып, мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар қатысты. Осы мерекеге арнайы ауыл басшысы Касенов Марат Қыстаубайұлы және аудан орталығынан Аудан әкімінің

Келген қонақтар түлектерге тілек айтып ,ақ жол тіледі.

Мектеп оқушылары ән айтты. 11-сынып оқушылары ән айтып вальс,флешмоб билеп , көгершін ұшырды.

Жылдық қорытынды шығарылып үздік және жақсы оқыған,қоғамдық жұмысқа белсене араласқан оқушылар марапатталды.